



САЯСАТ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚАНДАЙ САЯСИ ИНСТИТУТТАРҒА КӨБІРЕК СЕНІМ АРТАДЫ

ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты қазақстандықтардың саяси институттарға деген сенімдері туралы жауаптарымен таныстырады.

2022 жылғы ақпанда жүргізілген ҚСЗИ аймақтық әлеуметтік мониторингінің нәтижелеріне сәйкес, саяси билік институттары арасында **Президент респонденттердің арасында үлкен сенімге ие**, сұралғандардың 81,4%-ы оған сенім білдіреді. Бір айта кетерлігі, сұралғандардың жартысына жуығы Мемлекет басшысына толықтай сенеді (45,3%).

Сауалнама деректеріне сәйкес, **саяси институттарға сенім дәрежесі бойынша екінші орында респонденттер тұратын елді мекеннің әкімі** (Алматы, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларының тұрғындарын қоспағанда) тұр – 59,4%.


Үкімет пен Парламентке қарағанда облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкіміне көбірек сенім аратады.

Сұралғандардың жартысынан астамы Үкіметке (53,2%) және Парламентке (50,4%) сенім білдірді.

Мәслихаттар мен саяси партияларға сауалнамаға қатысушылардың жартысынан азы сенім білдіреді. Респонденттердің 45,5% мәслихаттарға сенетінін мәлімдеді. **Ал барлық саяси институттар арасында респонденттер саяси партияларға ең аз сенім білдірді – 43,7%.**

	Толық сенеді	Дәлірегі сенеді	Дәлірегі сенбейді	Толық сенбейді
ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевқа	45,3%	36,1%	9,2%	4,5%
ҚР Үкіметіне	17,5%	35,7%	28,7%	10,1%
ҚР Парламентіне	16,4%	34,0%	29,5%	11,1%
Мәслихаттарға	15,5%	30,0%	32,8%	12,2%
Саяси партияларға	14,4%	29,3%	33,8%	13,2%
Республикалық маңызы бар облыс/қала әкіміне	17,9%	33,9%	28,1%	11,6%
Сіздің елді мекеніңіздің әкіміне	21,7%	37,7%	24,1%	9,6%

1-кесте. Сіз ....сенесіз бе?



1-сурет. Сіз ....сенесіз бе?

Зерттеу әдістемесі:

Сауалнама алу әдісі – респонденттің тұрғылықты жері бойынша маршруттық квоталық іріктеме бойынша сұхбат.  
Іріктеме – 14 облыстың және 3 республикалық маңызы бар қаланың және ауылдық жерлердің 188 елді мекеніндегі 18 жастағы және одан жоғары жастағы 6800 респондент.  
Статистикалық қателік 1,2%-дан аспайды.  
Өткізілу мерзімі – 2022 ж. ақпан (2021 ж. маусым, қараша).